

**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «В» класындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
2 апта (11-13 мамыр 2022 жыл)**

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Махмут М.М

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Күн тәртібі	Сәрсенбі 11.05	Бейсенбі 12.05	Жұма.13.05
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңес	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Баланың жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу.		
Танертенгі жаттығу	Танертенгі жаттығу кешені		
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)	<p>Д.О. «Кім зейінді?» Ойын барысы: Бірінші қандай түсті қарындаш қойылған? Екінші ше? Үшінші ше? Төртінші ше? (бірінші-қызыл түсті қарындаш қойылды. Екінші-сары, үшінші- жасыл, төртінші-көк).</p>	<p>Д.О. «Не өзгерді?» Шарты: Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.</p>	<p>«Қырықаяқ» ойыны. Шарты: Педагог ең алдына тұрып, «қырықаяқты» қыдыруға бастайды. Ол иректеліп жүріп, шеңберді айналып шығады. Орындықтардың арасынан өтіп, аяқтың ұшымен, өкшемен жүреді, секіреді.</p>
Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ	<p>1.Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: Біз чемпион боламыз. Ч, Ф дыбысы. ҰОҚ мақсаты: Ч, Ф -қатаң дауыссыз дыбыстармен танысады, өлең оқу, өлең ішінен Ч дыбысынан келетін сөздерді анықтайды, сұрақтарға жауап береді және сурет сызба бойынша сөйлем құрастырады. Педагог жетекшілігімен ойын: «Дыбыстар бізде қонақта» Шарты: Өткен дыбыстарды қайталайды. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Құрылымдалған ойын: «Біз чемпион боламыз» Шарты: Бірге жаттайды. Сұрақтарға жауап береді. Біз чемпион боламыз Біз шыныққан баламыз, Суда жүзе аламыз. Желбіретіп көк туды, Чемпиондар боламыз. -Чемпион болу үшін алдымен не істеу керек?</p>	<p>1.Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Жаяу жүргіншілер ережесі. ҰОҚ мақсаты: Жаяу жүргіншілер ережесімен танысады. Жол белгілері туралы түсінік алады. көшедегі қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтап жүруге тәрбиеленеді. Педагог жетекшілігімен ойын: «Үш түс, үш қозғалыс» Шарты: Педагог бағдаршамның үш түсіне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар педагогтің қимыл-қозғалысына қарай бағдаршам түстерін дұрыс атаулары қажет. Бірге жаттайық. Бұзба көше тәртібін, Ұрынарсың апатқа. Ұқыпты болса әр күнің, Жакын болма шатаққа! -Көшеге шыққанда неге мән беруі керек? -Қандай жол белгілерін білесіңдер? Құрылымдалған ойын: «Жолдан өте білесің бе?» Шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Көліктер</p>	<p>1.Өзін-өзі тану. Тақырыбы: Отбасылық мерекелер. ҰОҚ мақсаты: Отбасылық мерекелер туралы біледі. Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық құндылықтары туралы түсініктерге ие. Педагог жетекшілігімен ойын: «Менің отбасым» Шарты: Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, отбасы туралы жақсы сөздер айтады. -Менің отбасым...(тату). -Менің отбасым...(көңілді). Ойын осылай жалғаса береді. Суретпен жұмыс: «Ынтымағы жарасқан отбасы» суретіне қарап әңгіме құрау. -Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер? -Отбасына кімдер жатады? -Сенің отбасыңда неше адам бар? -Өз отбасың туралы әңгімелеп бер. Сергіту сәті. Біздің үйде ән тарап, Думандатар өмірді.</p>

<p>-Чемпион болу үшін алдымен не істеу керек? -Сен қандай спорт түрін ұнатасың? .Чемпион сөзіне дыбыстық талдау жаса. .Сөздерді буынға бөліп айт. Чем-пи-он, че-мо-дан, чек, почта. Ч-қатаң дауыссыз, дыбыс. Оқып үйренем. че, чу, чи, ча. чем-пи-он, че-мо-дан, чек, почта. Еркін ойын: Ч дыбысы кездесетін сөздердің суретін сал. Ч дыбысын ермексаздан жаса. Педагог жетекшілігімен ойын: «Заттардың атауын ата» Шарты: Суреттегі заттардың атауын атайды. фонтан, факс, футбол, фото. -Қандай ойындарды ұнатасындар? -Футбол ойыны сендерге ұнай ма? Бірге жаттайық. Футбол. Футбол деген ойынға, Барлық бала құмар-ақ. Бірақ жолдың бойында, Доп теппендер қуалап. Ф дыбысымен таныс бол. Ф-қатаң, дауыссыз дыбыс. Ф-арқасын тіреп жабысып, Екі «Р» қалған қабысып. Құрылымдалған ойын: «Күн мен бұлт» Шарты: Бұлттың артына тапсырмалар жазылады. Бұлт кеспелер қағазын алып, тапсырмалар орындалған сайын, күннің беті ашылады. Балалар бұлт кеспедегі буындар мен сөздерді оқиды. фа, фо, фе, фу, фе. Фо-то, фир-ма, фер-ма, фут-бол, фон-тан. Еркін ойын: : «Кім тапқыр?» Шарты: Сұрақтарға жауап береді. Піл ме? Філ ме? Телефон ба? Телепон ба? Смайликтер әдісі. 2.Көркем әдебиет.</p>	<p>Шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Көліктер және жаяу жүргіншілер. Бірінші топ көліктерге мінеді. Екінші топ жаяу жүргіншілер. Балалар бағдаршамға, жол белгілеріне қарап, жолдан өтуі керек. «Жолдан өту» Шарты: Бір бала «бағдаршам» болады. Қолына жасыл дөңгелекті ұстап тұрады. Балалар арнайы «жолақ жолдан» өтеді. Педагог «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!»-деп бұйырады. Содан соң, «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз»,-деп «әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады. Жұмбақтар шешейік. «Кім тапқыр?» Шарты: Жұмбақтың жауабын табады. Үш көзді батыр, Жол көрсетер батыл. Үш көзі үш түрлі: Қызыл, сары, жасыл. (бағдаршам). Қырдан қырға жалғасады, Барған сайын алға асады. (жол). Оңға да бұрады, солға да бұрады. Жол тәртібін, реттеп тұрады. (бағдаршам). Көшеде жүр кішкентай үй, Сол үйді жүргізуші жүргізеді. (машина). Тыңда. «Жолдан өткенде» Дастан деген баламын, Мектепке енді барамын. Жүруді де үйрендім, Көшесінде қаланың. Жол шетіне келгенде, Тоқтай қалып мен демде. Көз саламын арнайы, Белгісі бар жерлерге. Қауіпті ғой көше тым, Құмай жолдың төтесін. Жолақтарды іздеймін, Жаяу адам өтетін. Асықпаймын аптығып, Алдым мұны жақсы ұғып, Күйсандықтың тіліндей,</p>	<p>Думандатар өмірді. Біздің үйде салтанат, Біздің үйде көңілді. -Отбасымен бірге қандай мерекелерді атап өткізесіңдер? -Отбасылық қандай мерекелерді білесіңдер? -Қандай сыйлық алғанды ұнатасың? -Балалар, отбасылық мерекенің бірі-туған күн. Әр адамның туған күні бар. Отбасы мүшелерінің туған күнін атап өту-бұл да қалыптасқан дәстүр, қалыптасқан мереке. Құрылымдалған ойын: «Ойлан тап» Шарты: Балалар, менің айтқандарымды мұқият тыңдап, кім туралы айтып тұрғанымды ойланып табындар. -Қатал көрінгенмен өте мейірімді. Кітапты көп оқиды. Бау-бақшаны баптайды. Немерелерін жақсы көреді. Ол кім? -Өзі мейірімді, әрқашанда қатық-майы, құрт-ірімшігі, қант -онфеті дайын. Ол кім? -Бесік тербетіп, ән айтатын. Ертегі айтып, ойнататын кім сені? Еркін ойын: «Отбасылық мереке» Шарты: Әңгімелейді. Сурет салады. Смайликтер әдісі. 2.Музыка. Тақырыбы: Бақшадағы-ән сауық. ҰОҚ мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйренеді. Музыка сипатына сәйкес би қимылдарын қолданады. Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айтуды меңгереді. Шаттық шеңбері. Қанша бала, қанша қыз, Бір шоқ гүлміз баршамыз. Ойын-күлкі ордасы, Біздің балабақшамыз! Музыка тыңдау: «Жас дәуірдің түлегіміз» Т.Жұмалиева. Ән айту: «Біз бақытты баламыз» Ә. Қонысбеков.</p>
---	--	---

<p>Тақырыбы: Бала-біздің болашақ.</p> <p>ҰОҚ мақсаты: Балалар өлеңді жаттайды және әдеби жанрды ажыратады. Балалар мерекесі туралы өз ойларын айтып, жеткізеді. Балалар достыққа, адамгершілікке тәрбиеленеді.</p> <p>Шаттық шеңбері. Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз</p> <p>Педагог жетекшілігімен ойын: «Болады - болмайды»</p> <p>Шарты: Балалар шеңберде тұрады. Педагог жылдың белгілі бір мезгілінің белгісін атайды. Бұл белгі орынды болса бала допты қағып алады.</p> <p>Құрылымдалған ойын: «Кім тапқыр?»</p> <p>Шарты: Балалар жұмбақтың жауабын табады. Сұрақтарға жауап береді. Қойның толы жеміске, Көк майсалы еңісте. Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (жаз).</p> <p>Күндер ысып, шөп пісіп, Ел пішінін орады. Бөбектерім айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (жазда).</p> <p>-Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады? -Жаз айының басқа жыл мезгілдерінен қандай айырмашылығы бар? -Жаз мезгілі несімен ұнайды? -Жазда балалар қайда шомылады? -Жазғы демалыста қайда барасың?</p> <p>Тыңда. Жаз мезгілі-жылдың ең қызықты кезі. Балалар жазғы демалысқа шығады, суға шомылып, демалатын орындарға барады. Кейбір балалар жайлаудағы ата-әжелеріне барады. -Жаз мезгілінің бірінші күні-«Балаларды қорғау күні» -Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл сендердің мерекелерің.</p>	<p>Қатар қатар ақ сызық. Ортасында тұра қап, Оңға, солға бір қарап, Жолдың арғы шетіне, Жетіп алам жылдам ақ!</p> <p>Еркін ойын: «Бағдаршам бағыт береді»</p> <p>Шарты: Бағдаршам түстерінің қызметін анықтап, есіне сақтайды. Бағдаршамның суретін салады.</p> <p>Смайликтер әдісі.</p> <p>2.Денешынықтыру. Тақырыбы: Ойын ойнап өсеміз. ҰОҚ мақсаты: Допты қабырғаға соғып, қол шапалақтап, ыршыған допты қағып алуды, түзу сызық бойынша оң аяқпен секіруді, айналып тұрған секіртпе астынан жүріріп өтуді үйренеді.</p> <p>Ұйымдастыру кезеңі. Саусаққа арналған гимнастика. Бұл-атам, бұл-апам, Бұл-әкем, бұл-анам Бұл-бөпем менің, көркем. Міне менің отбасым.</p> <p>Негізгі кезең: Қозғалыс кезінде бірден, екіден қайта сап құру. Жиі аттап жүгіру.</p> <p>Доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары. Допты басынан асырып, артқа ұстайды. Содан соң допты алысқа лақтырады. Лақтыру бағытын өзгертпей, қолдарын шұғыл жазады. Балалар допты неғұрлым алысқа лақтыруға тырысады. Қатарға тұрып допты алысқа басынан асырып лақтыру.</p> <p>Қимылды ойын: «Кім шапшаң?»</p> <p>Шарты: 4 жүргізуші таңдап алынып, оларға әртүрлі түсті орамал беріледі. Ойынға қатысады. 4 жүргізушінің соңынан тұрады. Педагогтің белгісі бойынша балалар көздерін жұмады. Жүргізушілер көрсетілген жерге кетіп қалады. Ойыншылар өз командирлерін тез тауып, артынан барып, тізбекке тұра қалуға тырысады.</p> <p>«Жарқын күн» Шарты: Балалар шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып бір-біріне</p>	<p>«Көктем» А.Жайымов. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» Б.Дәлденбай. Екі жұлдыз бір тілек.</p> <p>3.Денешынықтыру. Тақырыбы: Тату бола білеміз. ҰОҚ мақсаты: Топтағы достық қарым-қатынасты нығайта түседі.Допты жерге оң қолы және сол қолымен кезек соғуға, допты тізесіне қысып 3 метрге секіріп баруға, екі аяқтап алдыға қарай секіріп қозғалуға, секіргенде екпінмен итеріліп, қолдарымен сермеп көмектесуге, керілген арқанның астына н түрлі тәсілдермен өткенде қол-аяғын жинап дұрыс жұмырлануға үйренеді.</p> <p>Ұйымдастыру кезеңі: Ол-мен, ол- мен, Және менің достарым! -Еңбегімен өз үйін, -Көркем етер кім екен? -Қалам, дәптер, кітабын жинап қояр кім екен? -Айтыңдаршы, таңертең жуынбаған кім екен? -Тапсырманы үйдегі орындаған кім екен? -Бір сағаттай сабаққа кеш келетін кім екен? -Терезеге доп соғып, сындыратын кім екен? -Ал шынығып, жаттыққанды ұнататын кім екен? -Балалар шеңберге тұрып сұрақтарға жауап береді. «Ол-мен, ол-мен және менің достарым!»</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұбыңды тап» Шарты: Екі-екіден сапқа тұру. Сапта жүгіру. Түрлі-түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. Қайтадан «1,2,3-жұбыңды тап!»-деп белгі бергенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады.</p> <p>Баскетбол. Шарты: допты еденге оң қол және сол қолды алмастырып соғу. (4 рет). Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен түн» Шарты: Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады.</p>
--	---	---

<p>Сурет салу: «Жаз» Бірге жаттаймыз. Қ.Аманжолов. «Бала-біздің болашақ» Бала-біздің болашақ, Сүйсінеміз, сүйемі. Бұл болашақ тамаша-ақ, Болашаққа біз иеміз. -Болашақта сен қандай бала болғың келеді? Сергіту сәті. Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? (Күнді) Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? (Алақай!) Күн бізге не шашады? (Жылуын шашады). Қане, алақанымызды жылытайық, Қолымызды Күнге созайық. Жұмыс дәптері. -Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? -Балаларға есімдер ойлап тауып, достар туралы әңгімеле. -Атасы мен немерелері қайда барады? -Немерелерінің қолында не бар? -Олар қандай мейрамға шықты? Суретпен жұмыс. «Бақытты балалық шақ дегенді қалай түсінесің?» Еркін ойын: «Ән шырқайық бәріміз» «Көңілді балалар әні» Б.Дәлденбай. Басмармақ әдісі.</p> <p>3.Орыс тілі. Тақырыбы: Жили-били. ҰОҚ мақсаты: Активизировать словарь по теме, учить детей называть свойства предметов мебели (стеклянный, деревянный, кожаный, пластмассовый), использовать в речи глаголы и существительные с предлогами (сидеть на стуле, за столом и т.д.). Педагог жетекшілігімен ойын: «Ертегіні ата» Шарты: Суреттегі ертегілерді қарай отырып, ертегі кейіпкерлерді атап және оларды сипаттайды. Құрылымдарған ойын: «Бұл қай ертегі?» Шарты: педагог әр ертегіден бір үзіндісін оқиды. Балалар қай ертегі екенін табады. Азбука-тетрадь. Жили-били... 1.Назови по порядку, каких животных встретил</p>	<p>күн жылуын береді. Күн: «Балалар мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!» Қортынды кезең: «Отбасы» Шарты: Балалар, бір-бірімізбен қол ұстасып тұрып, бір бүтін екенімізді, бір отбасы екенімізді сезінейік. Бәріміз бірге демімізді ішке тартып, қайта шығарамыз. (3). Жүрегіміздің соғысын тыңдайық... Дүк-ілгері қадам аттау, Дүк-артқа қадам аттау. Басмармақ әдісі.</p> <p>3.Жапсыру. Тақырыбы: Көбелектер. (заттық аппликация). ҰОҚ мақсаты: Ирек пішіндерді қия білуге үйренеді. Педагог жетекшілігімен ойын: «Бұл қай кезде болады?» Шарты: Жұмбақты шешеді, сұрақтарға жауап береді. Қойның толы жеміске, Көк майсалы еңісте. Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (жазда). -Айнала жап жасыл түске еніп, түрлі-түсті гүлдер жайнап тұрған кез жылдың қай мезгілі? Бұл қай кезде болады? -Жаз несімен ұнайды? -Жазда ауа-райы қандай болады? -Денсаулығымызды шыңдау үшін жазда қандай шаралар жасаймыз? Үстіндегі көйлегі, Түрлі-түсті не керек? Қызықтырар көргенді, Мұның аты...(көбелек).</p>	<p>Ұлдар тобы «Түн», қыздар тобы «Күн» болады. Ойын басталады: «Түн!» дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады. Көзге арналған гимнастика. Көркем көбелек, Бізді желпіп кет. Көркем көбелек, Көзімізді демалтып, Шиға беріп кет» Балалар көздерін 1-2 секунд жұмып тұрып, ашып қалып, тез-тез жыпылықтатады. Басмармақ әдісі.</p> <p>4.В/К Логика әлемі. Тақырыбы: 7 саны мен цифры. Мақсаты: 7 санымен және цифрымен таныстыру. Педагог жетекшілігімен ойын: «Санамақтар» Шарты: Санамақтарды жаттайды. Сұрақтарға жауап береді. -Балалар бір аптада неше күн бар? -Бүгін аптаның нешінші күні? Жеті ұл. Апта деген ағайдың, Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі-Дүйсенбі, Екіншісі-Сейсенбі, Үшіншісі-Сәрсенбі Төртіншісі -Бейсенбі. Бесіншісі-Жұма, Алтыншысы-Сенбі, Жетіншісі-Жексенбі. Бір аптада. Дүйсенбіде-гүлдер ектім, Сейсенбіде алма тердім. Сәрсенбіде-су әкелдім, Бейсенбіде-бақша баптап, Жұма-күні тақпақ жаттап. Сенбіде-мен саған бардым. Жексенбіде бір демалдым.</p>
---	---	--

	<p>колобок. Состав с другом диалог встречи героев сказки.</p> <p>2.По какой дорожке Колобок сможет добраться до леса?</p> <p>Словарник: Встретился, Катится, Колобок, Покатился, Сказка.</p> <p>Еркін ойын: «Суретші нені шатастырды?»</p> <p>Шарты: Балалар суреттерге мұқият қарап, қай ертегі екенін, ертегіде қай кейіпкер артық екенін айтады.</p> <p>Басмармақ әдісі.</p> <p>Музыка. Тақырыбы: Бақшадағы-ән сауық. ҰОҚ мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйренеді. Музыка сипатына сәйкес би қимылдарын қолданады. Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айтуды меңгереді.</p> <p>Шаттық шеңбері. Қанша бала, қанша қыз, Бір шоқ гүлміз баршамыз. Ойын-күлкі ордасы, Біздің балабақшамыз!</p> <p>Музыка тыңдау: «Жас дәуірдің түлегіміз» Т.Жұмалиева.</p> <p>Ән айту: «Біз бақытты баламыз» Ә. Қонысбеков. «Көктем» А.Жайымов.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» Б.Дәлденбай.</p> <p>Екі жұлдыз бір тілек.</p>	<p>-Көбелектер жылдың қай мезгілінде болады? -Көбелектер туралы не білесіңдер? -Көбелек қалай тамақтанады?</p> <p>Тыңда: Көбелектер өте иісшіл келеді. Хош иісті гүлдің исін үлкен арақашықтықтан сезеді. Көбелектің ұзын, жіңішке тұмсығы болады. Сол тұмсығымен гүлдің шырынын, жеміс-жидектерді тұмсығымен тесіп, шырынын сорып алады.</p> <p>Суретпен жұмыс: Суретке қарап, өзің білетін жәндіктерді ата.</p> <p>Балалардың жұмысы: «Көбелектер» Балалар түрлі-түсті қағаздардан көбелектерді қиып жапсырады.</p> <p>Құрылымдарған ойын: Ән айту. «Көбелек» М.Әубәкіров.</p> <p>Шарты: Балалар әнді айтады.</p> <p>Көбелек. Қызыл қанат көбелек, Жасыл қанат көбелек, Гүлден гүлге қонасын, Ұстатпайсың не керек? Ақ қанатты көбелек, Көк қанатты көбелек, Қызыл қанат көбелек, Бақшамызға келе кет.</p> <p>Ойын: «Бөліктерді құрастыр»</p> <p>Шарты: Балалар бөліктерге бөлінген суреттерді құрастырады. Көбелектер туралы айтады.</p> <p>Еркін ойын: «Көбелектер биі»</p> <p>Шарты: Балалар биді жеңіл, денені еркін ұстап, аяқтың ұшымен қалқып, ұшып, бір-біріне соқтығыспай билеу.</p> <p>Басмармақ әдісі.</p> <p>4.В/К Ойнаймыз,ойлаймыз. Тақырыбы: Есептер шығару. Мақсаты: Арттыру,кеміту және ауызша,жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру. Педагог жетекшілігімен ойын: Суретпен жұмыс: «Табиғатым тамаша!» Шарты: Балалар суретке қарайды. Өзің табиғаттың қандай көріністері ұнайды?</p>	<p>Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым-атам, Балаң үйрек-апам, Ортан терек-әкем, Шылдыр шүмек-анам, Кішкентай бөбек-мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. Құрылымдалған ойын: «Кім зейінді?» Шарты: Санамақты тез жаттайды. Жатқа айтып береді. Бір-дегенім білім, Екі-дегенім еңбек. Үш-дегенім үміт, Төрт-дегенім төзім. Бес-дегенім бесік, Алты-дегенім ақыл. Жеті-дегенім жеңіс, Сегіз-дегенім сабыр, Тоғыз-дегенім тоқтам, Он-дегенім оқу, Білгеніңді көңіліңе тоқу. Еркін ойын: «Кел санайық, санамақ» Шарты: Балалар санайды, жатқа айтады. Бір, екі, үш, Ал, көнекей үш. Төрт, бес, алты, жеті, Мынау ауыл шегі. Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнекей, қон, Асықпа да, саспа, Бірден қайтадан баста. Басмармақ әдісі.</p>
--	---	---	---

		<p>Неліктен? Тыңда: Табиғаты бүлдірмейік. Тас төбеден қара бұлтты төндірмей, Жер-ананың байлығы мол, тең бірдей. Осы байлық баршамызға жетеді, Пайдалансақ табиғатты бүлдірмей. М.Кенесбаева.</p> <p>«Дұрыс па? Бұрыс па?» -Арман бақ ішінде келе жатыр еді. Терек бұтақтарын сындырып жатқан балаларды көрді де тұрып қалды... -Арман не істеді деп ойлайсың? -Бұтақты сындырып жатқан балалар қандай екен? -Серік достарымен бірге ауыл сыртындағы бұлаққа келді. Ол бұлақ көзінің қалдық шөптер, босаған ыдыстар мен қоқыстардан бітеліп қалғанын көрді.... -Серіктің іс-әрекеті қандай деп ойлайсың? -Серіктің бойынан қандай қасиеттерді көруге болады? -Бұлақтың көзінің бітеліп қалуына кімдер кінәлі деп ойлайсыңдар? Табиғатты қорғау ережелерін есте сақта! .Ағаш бұтақтарын сындырма! .Гүлдерді жұлма! .Құмырсқаның илеуін бұзба! .Ағаш маңына алау жағып ойнама! .Қоқыстарды тастама! -Алда жаз мезгілі келе жатыр. Сен бос уақытыңды табиғаттың ортасында таза ауада, су жағасында өткізесің табиғатта өзінді дұрыс ұстауды ұмытпа! -Суға түскенде қандай сақтық ережелерін орындау керек? Жазда демалған кезінде қоршаған табиғатқа қамқорлықпен кара. Ағаштарды сындырма! Гүлдерді бей-берекет жұлма! Жәндіктерді аулама! Табиғатты ластама! -Табиғат аясына саяхатқа шыққанда өзінді қалай ұстайсың? -Тағы қандай табиғатты қорғау ережелерін білесің? Құрылымдарған ойын: «Біз табиғатты қорғаймыз»</p>	
--	--	--	--

		<p>Шарты: Досынмен бірге табиғатты қорғауға арналған бірнеше ереже құрастыр.</p> <p>Еркін ойн: Өз қиялындағы «Табиғатты қорғау» тақырыбына сурет сал.</p> <p>Басмармақ әдісі.</p>	
Серуен бақылау	№2 Күнге бақылау жасау.	№3 Желге бақылау жасау.	№13 Жаңа өсіп келе жатқан көк шөптерді бақылау
Баланың жеке даму картасы.	Сурет бойынша сұрақтарға жауап бере білуді меңгерту.	Сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрастыру	Пазлдарды жинауды меңгерту.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың жетістіктері бойынша әңгімелесу. Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру.		